

Ауылшаруашылығына инвестициялар тартудың резервтері мен мүмкіндіктері

¹**АЛИБЕКОВА Вильнара Нурдавлетовна**, э.ф.к., аға оқытушы, vilnara70@mail.ru,

²***ӘБІЛДАЕВ Сұлтан Таласбайұлы**, PhD, қауымдастырылған профессор, sultan_feb@mail.ru,

²**РАЙМБЕКОВА Уқан Кенесбековна**, магистр, аға оқытушы, Ukan_r@mail.ru,

²**КЕНЖЕБАЕВА Марина Толеуовна**, э.ф.к., қауымдастырылған профессор,

²**ДЖАКИШЕВА Лейла Колчабаевна**, э.ф.к., қауымдастырылған профессор, Ik.Dzhakisheva@dulaty.kz,

¹«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Төле би көшесі, 94, Алматы, Қазақстан

²«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КеАҚ, Сүлейменов көшесі, 7, Тараз, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Андатпа. Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының аса стратегиялық маңызы зор салаларының бірі – ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту жолдарын табу. Қазіргі таңда бүкіл әлемдік кеңістік COVID-19 пандемиясының, орасан зор экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық зардаптарын бастан кешуде, дәл осы кезеңде экспорттық әлеуеті зор Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша әлемде көшбасшы бола алады. Жүргізілген зерттеу негізінде Қазақстанның АӨК салаларына инвестициялар салу қажеттілігі туралы мынадай тұжырымдар жасалды, олар болашағы зор салымдарға жатады және тұрақты ұзақ мерзімді табыс әкелуге қабілетті. Зерттеу әдістері осы тақырып бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеуден, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердегі және тұтастай алғанда әлемдегі ауыл шаруашылығының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін талдаудан тұрады, соған орай АӨК дамыту және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін инвестициялар тартудың резервтері мен мүмкіндіктері анықталды. Зерттеулер нәтижесінде республиканың аграрлық саласын инвестициялық қамтамасыз етудегі үлкен рөл ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жоғары болуымен, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын субсидиялаумен және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің салықтық жеңілдіктерін қолданумен сипатталады.

Кілт сөздер: инвестициялар, инвестициялық қамтамасыз ету, инвестициялар тарту, агро-өнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы – аграрлық ел болып табылады және оның агроөнеркәсіптік секторы оның ішкі ресурстарын ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықтағы орнын да қамтамасыз етеді. Ел экономикасындағы стратегиялық салалардың бірі – ауыл шаруашылығы. COVID-19 пандемиясының экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық салдары, содан кейін Еуразиялық кеңістіктегі геосаяси жағдайдың өзгеруі ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлеріне әлемдік бағаны күрт өсірді. Себебі әскери қақтығыстың қарама-қарсы тараптары Ресей Федерациясы мен Украина болып табылады, олар дәстүрлі түрде экономиканың осы са-

ласында Қазақстанның бәсекелестері болып саналады.

Қазіргі таңда Қазақстанның ауыл шаруашылығына салынатын инвестициялар көлемін ұлғайту саланы дамытудың катализаторы және елдің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі болып табылады. Тұтастай алғанда еліміздің агроөнеркәсіптік кешені өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы сияқты ауыл шаруашылығының басым секторларына бағытталуы және олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуіне қажетті ауқымды инвестицияларды талап етеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аграрлық саясаты аграрлық секторға инвестициялардың жаппай ағынын ынталандыруды арт-

тыруға және оларды тиімді пайдалануға, сол арқылы Қазақстанның әлемдегі негізгі стратегиялық азық-түлік өнімдері бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына шығуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Қазіргі таңда экономиканың аграрлық секторын инновациясыз дамыту мүмкін емес, оларды енгізу үшін келесі шарттар көзделуі тиіс: инвестициялар көздерін пайдаланудың көлемі мен тиімділігін арттыру; инвестициялық саясатты жетілдіру; инвестициялаудың қолайлы режимдерінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру. Атап айтқанда осы әрекеттердің барлығы аграрлық өндірістің материалдық-техникалық базасын дамытуды қамтамасыз етуге; саланың инновациялық дамуын жандандыруға; ауыл шаруашылығының қаржылық тұрақтылығын арттыруға; елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді; сонымен қатар саланың экспорттық мүмкіндіктерін іске асырады; ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамытады, ауыл шаруашылығына жатпайтын қызмет түрлерінің дамуын ынталандырады; жұмыссыздықты азайтады және ауыл тұрғындарының табысын арттырады; кепілдіктер және/немесе мемлекеттің қатысуы арқылы жеке капиталға инвестициялық тәуекелдерді азайтады және т. б. Сонымен, инвестициялар макроэкономикалық қатынастарды қалыптастыруда басты рөл атқаратын АӨК салаларын инновациялық дамыту негізінде Қазақстан экономикасын қайта құру және экономикадағы олармен байланысты құрылымдық өзгерістер талап етіледі [1].

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өңірлері, әсіресе астық шаруашылығы бойынша және республиканың оңтүстік өңірлері инвестицияларға аса мұқтаж болып табылады. Еліміздің астық шаруашылығы аймақтарында өсірілген қатты бидайдың сапасы өте жоғары және ол Канада мен Ресейдің ауылшаруашылық өндірушілерімен бәсекелесе алады. Украинадағы арнайы операция деп аталатын күрделі геосаясат жағдайында біздің еліміз осы сегменттегі ең күшті бәсекелестердің бірі болуына барлық мүмкіндіктері бар, өйткені ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі оның нарықтағы сұранысы негізінде анықталады. Яғни, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге бағытталған инвестициялар аса тартымды болатындығы даусыз. Әрине мұндай өнімдер бәсекеге қабілетті болуы және өндіруші үшін қолайлы бағамен сатылуы тиіс. Осыған байланысты тізбек бойынша инвестициялардың қайтарымдылығын, олардың тиімділігін және инвестициялық процестің басқа жақтарын бағалауға болады.

Зерттеу әдістемесі


Мақаланың мақсаты Қазақстан экономикасының аграрлық секторына инвестициялар тартудың резервтері мен мүмкіндіктері талдау болып табылды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ, Еуроаймақ және АҚШ елдерінің осы тақырыбы бойынша статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жасалды.

Тақырыпты жүйелеу, талдау және түсіндіруге қажетті авторлар қолданатын ғылыми зерттеудің әртүрлі тәсілдері, әдістері және тәсілдерінің үйлесімін анықтайды: (абстрактілі-логикалық), экономикалық-статистикалық (аграрлық секторға салынған инвестициялық ресурстардың динамикасын талдау кезінде), жүйелілік (Қазақстанның АӨК-де мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерде қарастырылған жалпы шығыстарды зерделеу). Аналитикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін біз бірқатар әдістерді қолдандық: ауыл шаруашылығына инвестиция тартудың теориялық тұжырымдамалары мен практикалық маңыздылығын негіздеу үшін жүйелі және құрылымдық-функционалдық талдау пайдаланылды; АӨК салаларын жаһандық және отандық жағдайларда инвестициялаудың статистикалық параметрлерін зерделеу кезінде жүйелік және салыстырмалы тәсілдер қолданылды.

Зерттеудің ақпараттық негізін БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 Қаулысы сияқты АӨК қолдау саласындағы мемлекеттік бағдарламалар құрады. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің статистикалық жинақтары бекітті.

БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректер зерттеу аясында әлемдегі ауыл, орман және балық шаруашылықтардың таза капитал көлемі 2012 жылғы 4,8 трлн АҚШ долларынан 2022 жылы 6,5 трлн ақш долларына дейін өсті, бұл орташа жылдық өсімге 3 пайызға сәйкес келеді, бұл алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда жоғары (2,4 пайыз) (1-сурет) [2].

Азия мен Африкада 2012-2022 жылдар аралығында таза капиталдың 2,3 трлн доллардан 3,5 трлн долларға дейін ең жоғары өсімі тіркелді (орташа жылдық өсім 4,4 пайызға сәйкес келеді) және сәйкесінше 0,32 трлн доллардан 0,46 трлн долларға дейін (3,6 пайыз). Одан кейін Америка мен Океания келді, өсім сәйкесінше 0,84 трлн АҚШ долларынан 1,1 трлн АҚШ долларына (2,5



1-сурет – Әлем бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы негізгі капиталына салынған инвестициялар

Ескерту-Дереккөз: FAO. 2023. Capital stock. In: FAOSTAT. Rome. [Cited December 2023]. <https://www.fao.org/faostat/en/#data/CS>

пайыз) және 0,13 трлн АҚШ долларынан 0,14 трлн АҚШ долларына (1,2 пайыз) дейін өсті. Еуропа барлық аймақтар арасында таза капитал көлемі бойынша екінші орында, бірақ оның осы кезеңдегі өсімі 1,26 трлн доллардан 1,3 трлн долларға (0,3 пайыз) дейін ең төмен болып табылады.

Соңғы үш жылда ауыл, орман және балық шаруашылығындағы әлемдік таза капитал қорының өсімі 3,2 пайызды құрады.

Агроөнеркәсіп кешендерінің салалары өзінің дамуы мен өнім көлемін арттыру үшін көлемді инвестициялардың құйылуымен сипатталады, соның нәтижесінде елдің ЖІӨ-дегі үлесін арттырады. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері мемлекет агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға үлкен көңіл бөлуде. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өнімдеріне әлемдік бағалар тұрақты түрде өсу үстінде, соған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі міндеттерінің бірі ұлттық экономиканың негізгі драйверлерінің бірі болып саналатын агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Қарастырылған мерзімде бірқатар бағдарламалық құжаттар әзірленді, олардың негізінде осы салада мемлекеттік саясат іске асырылуда.

Республиканың аграрлық саласын инвестициялық қамтамасыз ету мемлекеттік қолдаудың өсуімен сипатталады, бұл COVID-19

пандемиясының теріс әсерін кемітуге, содан кейін Еуразиялық кеңістіктегі геосаясат жағдайының өзгеруіне – Ресейдің Украинадағы арнайы операцияларына ықпал етті. АӨК-ке салынған инвестициялар соңғы бес жылда жылына орта есеппен 26,8%-ға ғана өсуде.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласына салынған инвестициялар көлемі 2017 жылдан 2022 жылға дейін 2,45 есеге артты, бұл 505 млрд теңгені құрады, экономиканың осы саласына салынған инвестициялардың үлесі бес жылдық кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде де 3,3%-дан 10,49%-ға дейін өсті. Өткен кезеңдегі инвестициялардың үлкен бөлігі өсімдік шаруашылығына салынды.

Атап өткендей, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметі бойынша республиканың ауыл шаруашылығына тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 39,9 млн долларды құрады.

finprom.kz сайтына ақпаратқа сәйкес 2023 жылғы қаңтар-қазанда ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 778,2 млрд теңгеге жетті, яғни бір жыл бұрын қарағанда 15,4%-ға артық. Инфляцияны ескере отырып, нақты өсім 8,7% құрады.

Инвестициялардың басым бөлігі – 756,8 млрд теңге өсімдік шаруашылығы мен мал

шаруашылығына, аң аулауға және осы салаларда қызмет көрсетуге жұмсалды. Балық шаруашылығы мен аквамәдениетке инвестициялар 18,5 млрд теңгені, орман шаруашылығы мен ағаш дайындауға – 2,9 млрд теңгені құрады.

2022 жылдың 9 айдын ішінде осы сектордағы негізгі капиталға салынған инвестициялар жылдық өсімі 11,8%-ға яғни 674,5 млрд теңгені құрады.

Өңірлік бөліністе инвестициялардың ең көп көлемі Солтүстік Қазақстан облысына келді: 152,8 млрд теңге – бір жыл бұрынғыға қарағанда ақшамен 7,1%-ға артық.

Көшбасшы өңірлердің үштігіне Павлодар (111,9 млрд теңге, жылына 3%) және Түркістан (88,5 млрд теңге, 56,7%) облыстары да кірді. Бұдан әрі Қостанай (83,6 млрд теңге) және Ақмола (76 млрд теңге) облыстары өтеді.

Ең төмен көрсеткіштер Алматы және Маңғыстау облысы сияқты ауыл шаруашылығы емес өңірлерде тіркелді.

Қаржыландыру көздері бөлінісінде инвестициялардың басым бөлігі 2023 жылғы қаңтар–қазан айларында кәсіпорындардың өз қаражаттарының салымдарын құрады, бүкіл портфельдің 70,8% немесе 551,1 млрд теңге осы көрсеткіш бір жыл бұрынғыға қарағанда құндық мәнде 17%-ға артық.

Банктік емес қарыз қаражаты есебінен инвестициялар кредит есебінен 196,4 млрд теңгені (жылына 19% қоса) құрады [3].

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру-

шілерге қаржылық қолдауды Қазақстанның банктік емес секторлары да ұсынады, олардың негізгілері келесі үш ұйым болып табылады:

- «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ;
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ.

Осы ұйымдар арқылы банк операцияларының жекелеген түрлері өтеді, олардың жалғыз акционері Қазақстанның АӨК саласындағы ұлттық басқарушы холдингі – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан бұрын жалғыз акционері «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болды, ол 2021 жылғы наурыздан бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға қосылды).

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба бойынша қаржыландыру көлемі 2-суретте көрсетілген.


АӨК-ті дамыту ұлттық жобасының міндеттері шеңберінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша АНК мен ҚАҚ аграрлық секторды қаржыландыруға 529,1 млрд теңге бағытталды, бұл 2022 жылғы қаржыландыру көлемінен 1,3%-ға артық. Оның ішінде АНК АӨК субъектілерін 350,3 млрд теңгеге, ҚАҚ 178,8 млрд теңгеге қаржыландырды.

2023 жылы жалпы қаржыландыру көлемінің 92%-ы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі. АНК мен ҚАҚ кредит



2-сурет – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар

Ескерту-Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі



3-сурет – АӨК АНК мен ҚАҚ аграрлық секторды қаржыландыру көлемі, млрд теңге

Ескерту-Дереккөз: <https://baiterek.gov.kz/kk/programs/>

aza-stan-respublikasyny-agro-nerk-siptik-keshenin-damytu-zh-nindegi-2021-2025-zhyldar-a-arnal-an-ltt

портфеліндегі белсенді қарыз алушылардың жиынтығы шамамен 86 мыңды құрады.

Сонымен қатар, АНК кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі іске асыратын жастарға микрокредит беру бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) болып табылады. Бағдарлама аясында 2023 жылы 25,6 млрд теңгеге 7,2 мың микрокредит берілді.

Кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы инвестициялар көлемі 2022 жылғы қаңтарда 21,6 млрд теңгені құрады. Банктік емес қарыз қаражатына 4,9 млрд теңге, банктердің несиелер – 2,7 млрд теңге тиесілі болды, кестеде көрсетілген [4].

4-суреттегі деректерден көріп отырғанымыздай, екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығы саласына берген несиелерінің көлемі 7 жыл ішінде 17% жоғарылады және 2022 жылы 288,7 млрд теңгені құрады. 2022 жыл берілген несиенің негізгі көлемі көктемгі дала жұмыстарына тиесілі (наурыз айы – 41,2 пайыз және сәуір айы – 38,4 млрд теңге). Өңірлер бойынша несиенің ең көп көлемі Алматыда 61,3 млрд теңге және Қостанай облысында 24,6 млрд теңге берілді [5].

Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенін серпінді дамыту үшін инвестиция ағынын ынталандыратын шаралар кешені қажет [6]. Агроөнеркәсіп кешеніндегі негізгі капитал саланың дамуын ынталандыратын жоғары білікті мамандар мен инновациялар болып табылады. Физикалық капиталға инвестиция жеке инвестицияларды ынталанды-

Ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы инвестициялар көлемі, 2023 жыл (млрд тг)


	2023/01	2022/01	Өсім, %
Жалпы	29,4	21,6	36,3
Меншік қаражат	21,8	15,3	42,7
Қарыз қаражат	4,9	4,3	15,7
Банк несиелер	2,7	2,1	31,2

Ескерту-Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

рудың алғышарты бола алады және адами капиталға мемлекеттік және жеке инвестицияларды толықтырады. Жергілікті және шетелдік инвесторларды тартудың негізгі резервтерінің бірі – органикалық ауыл шаруашылығы. Өйткені көптеген мемлекеттер (БАӘ, Қытай және т.б.) денсаулыққа пайдалы экологиялық таза өнімдерді өсіруге қаржы ресурстарын салғысы келеді.

Қорытынды

Аграрлық сектордың Қазақстан үшін, яғни ауыл шаруашылығына инвестициялық белсенділікті ынталандырудың айрықша маңыздылығы, біріншіден, бұл саланың қайта өңдеу кешенімен салааралық өзара байланысы бар, нәтижесінде оларды дамытуға инвестициялар аралас салалардың өнімдеріне сұранысты ынталандыра отырып және оларда өзінің инвестициялық әлеуетін қа-



4-сурет – Қазақстан Республикасының АӨК екінші деңгейдегі банктер берген несиелер, млрд теңге

Ескерту-Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

лыптастыра отырып, барынша кумулятивтік әсер туғызады. Екіншіден, бұл салалардың өнімдері ішкі нарықтағы жаппай және тұрақты сұраныспен сипатталады. Үшіншіден, жеңіл және қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің көпшілігі тек ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар кейбір сыртқы нарықтарда да бәсекеге қабілетті.

Негізінен ауыл шаруашылығының өсуі тартылған инвестициялар көлемінің ұлғаюына байланысты. Тұтастай алғанда, біздің еліміз ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін қуатты әлеуетке ие, бірақ аграрлық секторды әлемдік экономикаға абсолютті түрде интернационалдандыру процесі жүргізілмеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл отандық аграрлық саланың сипатының оң болғандығын көрсетеді, себебі пандемия кезінде сала

ауыл шаруашылығындағы әлемдік өндірістік және сауда-саттық тізбектерінің үзілісіне тап болған жоқ. Әлемдегі геосаясат жағдайына байланысты Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауда жетекші орындардың біріне ие бола алады, ол үшін өнімі әлемде бәсекеге қабілетті болып табылатын өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына инвестициялар бағытталуы тиіс.

Республиканың ауыл шаруашылығына инвесторларды тарту үшін оларды салықтық және өзге де жеңілдіктермен қолдау қажет, сонымен қатар бұл ретте қалыптасып жатқан инвестициялық сұраныс бірінші кезекте технологиялық жабдықтардың отандық өндірушілеріне бағдарлануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С.В. Васильев, (2018), Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту жолдары, Экономика және бизнес журналы, том 12-1. С. 81-85, DOI: 10.24411/2411-0450-2018-102221.
2. Доклад «Сельскохозяйственный прогноз ОЭСР-ФАО на 2023-2032 годы» <https://www.fao.org/newsroom/detail/oecd-fao-agricultural-outlook-2023-32-maps-key-output--consumption-and-trade-trends/ru>
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 Қаулысы сияқты АӨК қолдау саласындағы мемлекеттік бағдарламалар құрады. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>
4. Инвестиции в сфере АПК увеличились сразу на треть за год. <https://finprom.kz/ru/article/investicii-v-sfere-apk-velichilis-srazu-na-tret-za-god>
5. https://kase.kz/files/presentations/ru/14_09_2021_agricultural_industry.pdf.
6. Мустафаева Р.Р. Современные тенденции инвестиций в сельское хозяйство // Экономика, предпринимательство и право. – 2021. – Том 11. – № 6. – С. 1457-1468. doi: 10.18334/epp.11.6.112254

Резервы и возможности привлечения инвестиций в сельское хозяйство

¹**АЛИБЕКОВА Вильнара Нурдаuletовна**, к.э.н., старший преподаватель, vilnara70@mail.ru,

^{2*}**АБИЛДАЕВ Султан Таласбаевич**, PhD, ассоциированный профессор, sultan_feb@mail.ru,

²**РАЙМБЕКОВА Укан Кенесбековна**, магистр, старший преподаватель, Ukan_r@mail.ru,

²**КЕНЖЕБАЕВА Марина Толеуовна**, к.э.н., ассоциированный профессор,

²**ДЖАКИШЕВА Лейла Колчабаевна**, к.э.н., ассоциированный профессор, Ik.Dzhakishева@dulaty.kz,

¹НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», ул. Толе би, 94, Алматы, Казахстан,

²НАО «Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати», ул. Сулейменова, 7, Тараз, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Основной целью исследования является поиск путей привлечения инвестиций в сельское хозяйство – одну из наиболее стратегически важных отраслей народного хозяйства Республики Казахстан. В настоящее время все мировое пространство испытывает колоссальные экономические, социальные и гуманитарные последствия пандемии COVID-19. В этот период Казахстан с большим экспортным потенциалом может стать мировым лидером по производству сельскохозяйственной продукции. На основе проведенного исследования были сделаны выводы о необходимости вложения инвестиций в отрасли АПК Казахстана, которые относятся к перспективным вложениям и способны приносить стабильный долгосрочный доход. Методы исследования заключаются в изучении работ зарубежных и отечественных ученых по данной теме, а также анализе основных социально-экономических показателей сельского хозяйства в государствах-членах Евразийского экономического союза и в мире в целом, в связи с чем выявлены резервы и возможности привлечения инвестиций для развития АПК и обеспечения его эффективного функционирования. В результате исследований определено, что инвестиционное обеспечение аграрной отрасли республики характеризуется высокой государственной поддержкой сельского хозяйства, субсидированием растениеводства и животноводства, применением налоговых льгот сельхозтоваропроизводителей.

Ключевые слова: инвестиции, инвестиционное обеспечение, привлечение инвестиций, агропромышленный комплекс, сельское хозяйство.

Reserves and Opportunities to Attract Investments in Agriculture

¹**ALIBEKOVA Vilnara**, Cand. of Econ. Sci., Senior Lecturer, vilnara70@mail.ru,

^{2*}**ABILDAEV Sultan**, PhD, Associate Professor, sultan_feb@mail.ru,

²**RAIMBEKOVA Ukan**, Master's Degree, Senior Lecturer, Ukan_r@mail.ru,

²**KENJEBAEVA Marina**, Cand. of Econ. Sci., Associate Professor,

²**DZHAKISHEVA Leila**, Cand. of Econ. Sci., Associate Professor, Ik.Dzhakishева@dulaty.kz,

¹NPJSC «Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov», Tole Bi Street, 94, Almaty, Kazakhstan,

²NCJSC «M.Kh. Dulaty Taraz Regional University», Suleymenov Street, 7, Taraz, Kazakhstan,

*corresponding author.

Abstract. The main purpose of the study is to find ways to attract investments in agriculture – one of the most strategically important sectors of the national economy of the Republic of Kazakhstan. Currently, the entire world space is experiencing the colossal economic, social and humanitarian consequences of the COVID-19 pandemic. During this period that Kazakhstan with great export potential can become a world leader in agricultural production. Based on the study, the conclusions were made about the need to invest in the sectors of the agro-industrial complex of Kazakhstan, which belong to promising investments and are able to bring stable long-term income. The research methods consist in studying the works of foreign and domestic scientists on this topic, as well as analyzing the main socio-economic indicators of Agriculture in the member states of the Eurasian Economic Union and in the world as a whole, in connection with which reserves and opportunities for attracting investment for the develop-

ment of the agro-industrial complex and ensuring its effective functioning were identified. As a result of the research it was determined that investment support of the agricultural sector of the Republic is characterized by high state support for agriculture, subsidies for crop production and animal husbandry, and the use of tax incentives by agricultural producers.

Keywords: investments, investment support, attraction of investments, agro-industrial complex, agriculture.

REFERENCES

1. S.V. Vasiliev, (2018), Ways to attract investment in agriculture, Journal of Economics and Business, vol. 12-1. Pp. 81-85, DOI: 10.24411/2411-0450-2018-102221.
2. Report «OECD-FAO Agricultural Outlook for 2023-2032» <https://www.fao.org/newsroom/detail/oecd-fao-agricultural-outlook-2023-32-maps-key-output--consumption-and-trade-trends/ru>
3. Establish state programs in the field of AEC support, as per Resolution No. 960 of December 30, 2021 of the Government of the Republic of Kazakhstan. The concept of development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>
4. Investments in the field of agriculture increased by a third in a year. <https://finprom.kz/ru/article/investicii-v-sfere-apk-uvelichilis-srazu-na-tret-za-god>
5. https://kase.kz/files/presentations/ru/14_09_2021_agricultural_industry.pdf.
6. Mustafaeva R.R. Contemporary tendencies of investments in agriculture // Economy, enterprise and law. – 2021. – Volume 11. – No. 6. – Pp. 1457-1468. doi:10.18334/epp.11.6.112254